

БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

14 ақпан 2024 жыл

KASE биржалық нарықтың 2024 жылдың қаңтарындағы жұмысының қорытындысын ұсынады

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – KASE, Биржа) 2024 жылдың қаңтардағы қызметтің негізгі қорытындылары туралы хабарлайды:

- KASE сауда-саттығының жиынтық көлемі 2024 жылдың қаңтарында 36,0 трлн теңгені құрады және желтоқсанға қатысты 16,4 %-ға немесе 7,1 трлн теңгеге төмендеді.
- Қаңтар айының қорытындысы бойынша KASE Индексінің мәні 1,7 %-ға өсіп, 4 258,65 тармақты құрады.
- Қаңтар айының қорытындысы бойынша акциялар нарығын капиталдандыру 1,0 %-ға 26,5 трлн теңгеге дейін, саудаланатын корпоративтік борыш көлемі – 1,2 %-ға 13,3 трлн теңгеге дейін төмендеді.
- Қаңтар айында үш жаңа эмитенттің мемлекеттік емес бағалы қағаздары листинг рәсімінен өтті: біреуі акциялар секторында, екеуі корпоративтік облигациялар секторында
- 2024 жылдың 01 ақпанындағы жағдай бойынша KASE сауда тізімдерінде мемлекеттік емес бағалы қағаздар 666 атаулар 240 Эмитенттер болды.

НЕГІЗГІ ЖОБАЛАР МЕН ІС-ШАРАЛАР

Ағымдағы жылдың қаңтар айында KASE 15-ші жыл сайынғы KASE – "Биржалық симулятор" байқауы шеңберінде оқу сауда-саттығының екінші кезеңінің қорытындысы бойынша жеңімпаздарды онлайн-марапаттау рәсімін өткізді. Байқау Қазақстанның жоғары оқу орындары студенттерінің қаржылық сауаттылығын арттыру шеңберінде және дүниежүзілік қор биржалары Федерациясының (WFE) World Investor Week 2023 жыл сайынғы бағдарламасын қолдау мақсатында, сондай-ақ "Ring The Bell for Financial Literacy" рәсімі шеңберінде ұйымдастырылды.

Байқаудың екінші кезеңінің нәтижесінде 2 жоғары оқу орнынан 10 жеңімпаз анықталды: "Инновациялық Еуразия университеті" ЖШС және "С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті" ПБХ РМК, бұл ретте Қазақстанның 100-ден астам жоғары оқу орнынан 6 мыңнан астам студент-қатысушы тіркелді. 2023 жылдың 02 қазаны мен 02 қарашасы аралығында өткен конкурс шеңберіндегі сауда-саттықтың жалпы көлемі 16,2 млрд теңгеден асты. Барлығы 12,2 мың мәміле жасалды. Мәмілелердің орташа тәуліктік көлемі 704 млн теңгеден асты.

Сонымен қатар, есепті айда Биржа Шымкент қаласындағы "Атамекен" Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының алаңында әлеуетті эмитенттер үшін "Бизнеске арналған KASE мүмкіндіктері" онлайн вебинарын өткізді. Онлайн-кездесуде Биржа қызметкерлері қор нарығында қаржыландыруды тарту мүмкіндіктері, қор нарығына шығу бойынша ШОБ субъектілерін қолдаудың мемлекеттік бағдарламалары, сондай-ақ KASE-де листинг процедуралары туралы айтып берді.

АКЦИЯЛАР НАРЫҒЫ

2024 жылдың қаңтар айының қорытындысы бойынша акциялар нарығын капиталдандыру 26,5 трлн теңгені (59,1 млрд USD) құрады, бұл өткен айдағы көрсеткіштен 255,9 млрд теңгеге немесе 1,0 %-ға төмен.

Қаңтар айының соңында KASE сауда тізімдерінде 85 эмитенттің 100 атауындағы акциялар болды. Есепті айда негізгі алаңның "премиум" санаты бойынша KASE ресми тізіміне "Эйр Астана" АҚ жай акциялары енгізілді. 03 қаңтардан бастап "ForteLeasing" АҚ (Форте Лизинг) жай акциялары баламалы алаңның "акциялар" секторынан KASE ресми тізімінің негізгі алаңының "стандарт" санатына ауыстырылды.

Қаңтарда акциялармен сауда-саттық көлемі 13,8 млрд теңгені құрап, желтоқсанға қатысты 31,8 %-ға немесе 6,4 млрд теңгеге төмендеді. Сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 658,3 млн теңгені, мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 4 203 теңгені, бір мәміленің орташа көлемі – 156,6 мың теңгені құрады. Қаңтардағы акциялардың сауда-саттығы тек қайталама нарықта өтті.

Инвесторлардың негізгі санаттары арасында жеке тұлғалардың үлесіне акциялармен мәмілелердің жиынтық көлемінің 47,8 %, банктердің үлесіне – 0,5 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне – 24,9 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне – 2,7 %, басқа заңды тұлғалардың үлесіне – 24,2 % тиесілі болды. Бейрезиденттердің үлесі 10,7 % құрады.

KASE ИНДЕКСІ

Қаңтар айында KASE Индексінің мәні 1,7 %-ға өсіп, айдың соңына қарай 4 258,65 тармақты құрады.

Индекстік акциялармен жасалатын мәмілелер көлемі 2024 жылдың қаңтарында 13,2 млрд теңгені құрады, бұл 2023 жылдың желтоқсанындағы көрсеткіштен 4,9 млрд теңгеге төмен. Сауда-саттықтың ең көп көлемі "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ-ның жай акцияларына – 4,8 млрд теңге (индекстік акциялармен сауда-саттықтың жалпы көлемінің 36,0 %) тиесілі болды.

KASE Индексінің өкілдік тізіміне кіретін соңғы мәмілелер бойынша акциялар бағасының өзгеруі

Эмитент	Сауда-саттық коды	Бағасы, бір акцияға теңге			Сауда-саттық көлемі*, млн теңге		
		01.02.24	на 01.01.24	Δ, %	январь	декабрь	Δ
"Kcell" АҚ	KCEL	2 230,00	1 954,98	+14,1	246,5	4 381,93	-4 135,5
"Банк ЦентрКредит" АҚ	CCBN	1 056,00	977,06	+8,1	324,1	2 677,64	-2 353,6
"ҚазМұнайГаз" ҰК " АҚ	KMGZ	11 933,15	11 541,00	+3,4	4 762,2	4 011,94	+750,3
"Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясы " АҚ	KZAP	18 360,00	18 453,12	-0,5	1 349,4	778,27	+571,1
"Қазақтелеком" АҚ	KZTK	34 050,00	34 500,00	-1,3	2 764,1	1 852,44	+911,6
"Қазақстан Халық банкі" АҚ	HSBK	161,27	163,60	-1,4	1 142,1	1 003,78	+138,3
"ҚазТрансОйл" АҚ	KZTO	850,00	865,00	-1,7	422,9	1 087,82	-664,9
АҚ KSPI.kz	KSPI	43 782,00	45 600,00	-4,0	742,6	395,83	+346,8
"KEGOC" АҚ	KEGC	1 392,84	1 482,00	-6,0	1 492,1	1 996,18	-504,0

* ірі мәмілелер мен тұрақты емес сипаттағы мәмілелерді есепке алмағанда

Қаңтар айының қорытындысы бойынша ең үлкен өсімді "Кселл" АҚ-ның 14,1 %-ға өскен жай акциялары көрсетті. Сондай-ақ, жасыл аймақта "Банк ЦентрКредит" АҚ және "ҚазМұнайГаз" Ұлттық компаниясы" АҚ-ның жай акциялары болды, олар тиісінше бағасына 8,1 % және 3,4 % қосты.

Қаржы секторының KSPI.kz АҚ және "Қазақстан Халық банкі" АҚ акциялары тиісінше 4,0 % және 1,4 % бағасынан айырылып, қызыл аймақта болды. KSPI.kz АҚ NASDAQ-та 1 млрд АҚШ долларын тартып, 1 АДҚ үшін 92 АҚШ доллары бағасымен 11,3 млн американдық депозитарлық қолхат (АДҚ) орналастырды. Қосымша, KSPI.kz АҚ өткен жылдың 25 қазанында басталған жаһандық депозитарлық қолхаттарды сатып алу бағдарламасының аяқталғаны туралы хабарлады.

Ұзақ раллиден кейін **"Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясы " АҚ** жай акциялары 0,5 %-ға төмендеді. Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі "Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясы" АҚ рейтингін "BBB-" деңгейінен BBB" деңгейіне дейін "тұрақты" болжаммен көтерді. Рейтингтік агенттіктің пікірінше, компания жақсы несиелік қабілеттілікке, төмен несиелік тәуекелдерге, қаржылық міндеттемелерді уақтылы өтеу қабілетіне ие. Левередждің төмен деңгейі, өндіріс көлемінің өсуі, уранның жоғары бағасы, нарықтағы күшті позициялар, экспорттың баламалы бағыттарының болуы, сондай-ақ күтілетін жоғары дивидендтер компанияның рейтингін арттырудың негізгі факторлары болып табылады.

"Қазақтелеком" АҚ жай акциялары бір жай акция үшін 34 050 теңге белгісіне дейін түсіп, бағасының 1,3 % жоғалтты.

Қаңтар айының қорытындысы бойынша **"ҚазТрансОйл" АҚ** акциялары 3,7 %-ға төмендеді. Компания 2023 жылдың өндірістік қорытындысын шығарды, оған сәйкес магистральдық аударымдар жүйесі бойынша мұнай тасымалдау көлемі 3 млн 532 мың тоннаға ұлғайып, 44 млн 188 мың тоннаны құрады. "ҚазТрансОйл" АҚ Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Өзбекстан Республикасына Ресей мұнайының транзиті көлемінің 500 мың тоннадан 550 мың тоннаға дейін ұлғаюы жоспарланып отырғанын хабарлады.

Айды ең үлкен төмендеумен бағасынан 6,0 % айырылған **"KEGOC" АҚ** жай акциялары аяқтады. Қаңтар айында "KEGOC" АҚ 2023 жылғы қызметін қорытындылады, оған сәйкес 2023 жылы таза пайда 42,7 млрд теңгені құрап, 2022 жылдағы көрсеткішпен салыстырғанда 15,9 млрд теңгеге немесе 60 %-ға ұлғайды. Бұл ретте, түсім реттеліп көрсетілетін қызметтер бойынша көлемдер мен тарифтердің өсуі есебінен 16 %-ға 252 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Сонымен қатар, компания 2024 жылдың екінші тоқсанында жүзеге асырылатын 2023 жылдың екінші жартыжылдығына дивидендтер төлеу көлемін ұлғайту мәселесін қарастырып жатқанын хабарлады.

KASE GLOBAL СЕКТОРЫ

Қаңтар айының соңында KASE Global секторында шетелдік эмитенттердің акцияларының 45 атауы мен 11 ETF болды.

Есептік айда "KASE Global" секторында жалпы сомасы 2,2 млрд теңгеге мәмілелер жасалып, желтоқсанға қарағанда 8,4 % немесе 175,1 млн теңгеге өсті. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 107,1 млн. теңгені, мәмілелердің орташа күндік саны – 345, бір мәміленің орташа көлемі – 310,7 мың теңгені құрады.

"KASE Global" секторындағы мәмілелердің ең көп саны 2024 жылдың қаңтарында мынадай акциялармен жасалды:

- Ford Motor Company (F_KZ) – жалпы сомасы 10,8 млн теңгеге 715 мәміле;
- Pfizer Inc. (PFE_KZ) – жалпы сомасы 57,6 млн теңгеге 663 мәміле;
- Intel Corporation (INTC_KZ) – жалпы сомасы 75,4 млн теңгеге 577 мәміле;
- American Airlines (AAL_KZ) – жалпы сомасы 14,3 млн теңгеге 538 мәміле;
- AT&T Inc. (T_KZ) – жалпы сомасы 104,9 млн теңгеге 533 мәміле.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 51,2 % жеке тұлғаларға, 37,1 % – брокер-дилерлерге, 11,6 % – өзге заңды тұлғаларға тиесілі. Бейрезиденттердің үлесі 0,5 % -ды құрады.

КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР

2024 жылдың қаңтарында айналыстағы корпоративтік қарыз көлемі 1,2 %-ға немесе 162,9 млрд теңгеге төмендеп, 13,3 трлн теңгеге (29,7 млрд USD) дейін азайды.

2024 жылдың қаңтарының аяғында KASE ресми тізімінде 108 эмитенттің 418 шығарылымының корпоративтік облигациялары болды. Қаңтар айында KASE ресми тізіміне 7 эмитенттің (екі жаңа) корпоративтік облигацияларының 10 шығарылымы: "ОнлайнКазФинанс" МҚҰ" АҚ-ның үш шығарылымы, "ҚазАгроҚаржы" АҚ-ның екі шығарылымы және "R-Finance" микроқаржы ұйымы" ЖШС, "TAS FINANCE GROUP" (TAS FINANS GRUPP) МҚҰ" ЖШС, "ID Collect (АйДи Коллект)" коллекторлық агенттігі" ЖШС, "Oasis Logistics" ЖШС, "Жарқын Construction I" ЖШС бір шығарылымынан енгізілді. Қаңтар айында KASE ресми тізімінен айналыс мерзімінің аяқталуына байланысты облигациялардың төрт шығарылымы: "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ, "Capital

Leasing Group (Капитал Лизинг Group)" ЖШС, "Kaspi Bank" АҚ, "Еуразиялық банк" АҚ бір шығарылымынан алынып тасталды.

KASE_BMY корпоративтік облигацияларының кірістілік индексінің мәні қаңтарда 8 б.т. төмендеді және айдың аяғында жылдық 14,38 % құрады.

KASE-де корпоративтік облигациялардың сауда-саттық көлемі 2023 жылдың желтоқсанымен салыстырғанда 2,6 есеге немесе 314,0 млрд теңгеге дейін ұлғайып, 511,9 млрд теңгеге жетті. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 24,4 млрд теңгені (қайталама нарықта – 2,9 млрд теңге), мәмілелердің орташа күндік саны – 297 мәміле (қайталама нарықта – 290 мәміле), бір мәміленің орташа көлемі – 82,0 млн теңгені (қайталама нарықта – 9,8 млн теңге) құрады.

2024 жылдың қаңтарында корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығының көлемі 451,9 млрд теңгені құрап, салыстырмалы түрде 3,5 есеге немесе 322,5 млрд теңгеге өсті. Есептік айда мынадай корпоративтік облигациялар орналастырылды:

- "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ өтеуге дейінгі мерзімі 15 жыл және өтеуге кірістілігі жылдық 13,00 % облигацияларды орналастыра отырып, 190,0 млрд теңге тартты;
- "Банк ЦентрКредит" АҚ өтеуге кірістілігі жылдық 4,50 % үш айлық облигацияларды орналастыра отырып, 7,3 млн АҚШ долларын тартты;
- "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ өтеуге дейінгі мерзімі бір жыл, өтеуге орташа сараланған кірістілігі жылдық 12,87 %, 13,03 % және 13,49 % 3 облигация шығарылымын орналастырып, 30,8 млрд теңге тартты;
- "Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы" АҚ өтеуге дейінгі мерзімі 30 жыл және өтеуге кірістілігі 0,10 % облигацияларды орналастыра отырып, 1,2 млрд теңге тартты;
- "Birinishi Lombard" (Бірінші Ломбард) ЖШС өтеуге кірістілігі жылдық 24,00 % екі жылдық облигацияларды орналастырып, 499,8 млн. теңге тартты;
- "ФинТехЛаб" микроқаржы ұйымы" ЖШС өтеуге кірістілігі жылдық 21,50 % екі жылдық облигацияларды орналастырып, 200,0 млн теңге және 1,0 млн АҚШ долларын орналастырып, өтеуге кірістілігі 11,00 % екі жылдық облигацияларды орналастырып, 1,0 млн теңге тартты;
- "TAS FINANCE GROUP" (ТАС ФИНАНС ГРУПП) ЖШС өтеуге дейінгі мерзімі 2,5 жылға және өтеуге кірістілігі жылдық 22,00 % облигацияларды орналастыра отырып, 2,4 млрд теңге тартты;
- "Orbis Leasing" ЖШС өтеуге дейінгі мерзімі бір жыл, өтеуге кірістілігі жылдық 21,50 % облигацияларды орналастырып, 405,2 млн теңге тартты.

Корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығындағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде банктердің үлесі 7,1 %, брокер-дилерлердің үлесі – 0,3 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі – 40,4 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі – 50,5 %, жеке тұлғалардың үлесі – 1,7 % құрады. Бейрезиденттер корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығына қатыспады.

Қайталама облигациялар нарығындағы сауда-саттық көлемі 2023 жылдың желтоқсанымен салыстырғанда қаңтарда 12,4 %-ға немесе 8,5 млрд теңгеге төмендеп, 60,0 млрд теңгеге дейін азайды.

Корпоративтік облигациялардың қайталама нарығындағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде банктердің үлесі 17,7 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі – 9,6 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі – 18,5 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі – 42,9 %, жеке тұлғалардың үлесі – 11,3 % құрады. Бейрезиденттердің үлесі 8,3 % құрады.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР (МБҚ)

KASE-де саудаланатын мемлекеттік қарыз сомасы 24,1 трлн теңгені (53,7 млрд USD) құрап, жыл басынан бері 0,9 %-ға немесе 213,8 млрд теңгеге артты.

KASE-де МБҚ сауда-саттығының жиынтық көлемі 1,2 трлн теңгені құрап, өткен жылдың желтоқсанмен салыстырғанда 4,9 есеге немесе 977,8 млрд теңгеге өсті. 2024 жылдың қаңтар айының қорытындысы бойынша сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 58,6 млрд теңгені

(қайталама нарықта – 10,9 млрд теңге), мәмілелердің орташа күндік саны – 21 (қайталама нарықта – 13), бір мәміленің орташа көлемі – 2,8 млрд теңгені (қайталама нарықта – 0,8 млрд теңге) құрады.

МБҚ бастапқы нарығындағы сауда-саттық көлемі 2024 жылдың қаңтарында 1,0 трлн теңгені, өткен жылдың желтоқсанда 24,5 млрд теңгені құрады. Есептік айда барлық көлем Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық міндеттемелерін орналастыруға тиесілі болды. Барлығы 0,8 жылдан 14,9 жылға дейінгі өтеу мерзімімен кірістілігі жылдық 11,00-13,35 % облигациялардың 10 шығарылымы орналастырылды.

Бастапқы нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде банктердің үлесі 80,3 %, брокерлік-дилерлік компаниялардың үлесі – 0,1%-дан кем, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі – 19,2 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі – 0,5 % болды. МБҚ бастапқы нарығындағы бейрезиденттердің үлесі 0,1 %-дан кем болды.

Қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемі 0,2 %-ға немесе 490,3 млн теңгеге өсіп, 227,9 млрд теңгені құрады. Ұлттық Банктің ноталармен сауда-саттық үлесі қайталама нарықта сауда-саттықтың жалпы көлемінің 31,7 %-ын немесе 72,2 млрд теңгені, МЕКАМ үлесі – 66,7 % немесе 152,1 млрд теңгені, Қазақстан Республикасының еурооблигацияларының үлесі – 0,4 % немесе 995,0 млн теңгені құрады. Қалған 1,1 % немесе 2,5 млрд теңгені құрайтын көлем шет мемлекеттердің МБҚ-мен жасалған мәмілелерге (АҚШ Қаржы министрлігінің, Австрияның және Оман Сұлтандығының облигациялары) тиесілі.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде қайталама нарықта банктердің үлесіне – 61,7 %, брокерлік-дилерлік компаниялардың үлесіне – 5,5 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне – 4,3 %, өзге заңды тұлғалардың үлесіне – 27,8 %, жеке тұлғалардың үлесіне – 0,7 % тиесілі. Бейрезиденттердің үлесі 7,7 %-ды құрады.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ (ХҚҰ) ОБЛИГАЦИЯЛАРЫ

2024 жылдың қаңтар айының соңында KASE сауда-саттық тізімдерінде бес халықаралық қаржы ұйымының 64 шығарылымының облигациялары: Еуропалық қайта құру және даму банкінің 16 шығарылымы, Еуразиялық даму банкінің 32 шығарылымы, Азия даму банкінің 11 шығарылымы, Халықаралық қаржы корпорациясының төрт шығарылымы және жеке секторды дамыту жөніндегі Ислам корпорациясының бір шығарылымы болды.

2024 жылдың қаңтар айында KASE ресми тізіміне Еуразиялық даму банкінің бес шығарылымы енгізілді. Қаңтарда "Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары" секторынан айналыс мерзімінің аяқталуына байланысты Еуропалық қайта құру және даму банкінің облигацияларының бір шығарылымы алынып тасталды.

Қаңтар айында халықаралық қаржы ұйымдары облигацияларының сауда-саттық көлемі өткен аймен салыстырғанда 81,3 %-ға немесе 80,2 млрд теңгеге төмендеп, 18,5 млрд теңгені құрады. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 878,9 млн теңгені (қайталама нарықта – 42,3 млн теңге), бір мәміленің орташа көлемі – 461,4 млн теңгені (қайталама нарықта – 35,6 млн теңге) құрады.

Халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялар секторының бастапқы нарығында Еуразиялық даму банкінің жылдық 14,28 %, 14,21 % және 13,78 %-бен жалпы сомасы 17,6 млрд теңгеге үш облигациялар шығарылымы орналастырылды.

Бастапқы нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде банктердің үлесі 79,3 %, институционалдық инвесторлардың үлесі – 17,1 %, басқа заңды тұлғалардың үлесі – 1,7 %, жеке тұлғалардың үлесі – 2,0 % құрады. Бейрезиденттер ХҚҰ-ның бастапқы нарығына қатыспады.

2024 жылдың қаңтарында қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемі 2023 жылдың желтоқсанмен салыстырғанда 77,9 %-ға немесе 3,1 млрд теңгеге төмендеп, 889,3 млн теңгеге дейін азайды.

Халықаралық қаржы ұйымдары облигацияларының қайталама нарығындағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде басқа институционалдық инвесторлардың үлесі – 16,8 %, брокер-дилерлердің үлесі – 17,1 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі – 32,8 %, жеке тұлғалардың үлесі – 33,4 % құрады. Бейрезиденттердің қатысуы 31,1 % бағаланады.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЛАРДЫҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ

2024 жылдың 01 ақпанында "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторында бес басқарушы компанияның басқаруындағы инвестициялық пай қорларының 17 құралы және алты ETF болды.

Қаңтар айында "First Heartland Jusan Invest" АҚ басқаруындағы "abyROI" аралық инвестициялық пай қорының пайлары рұқсаттама бастамашысының бастамасымен KASE ресми тізімінен алынып тасталды.

Есептік айда аталған сектордағы сауда-саттық көлемі 1,2 млрд теңгені құрап, 2023 жылдың желтоқсанымен салыстырғанда 61,7 %-ға немесе 2,0 млрд теңгеге төмендеді. Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 51,7 % – жеке тұлғаларға, 24,0 % – брокер-дилерлерге, 24,3 % – өзге заңды тұлғаларға тиесілі. Бейрезиденттердің үлесі 4,5 % құрады.

ТУЫНДЫ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

2024 жылдың 01 ақпанындағы жағдай бойынша KASE ресми тізімінде базалық активтері "Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясы" АҚ, "Қазақстан халық жинақ банкі" АҚ, Kaspi.kz АҚ, "Қазақтелеком" АҚ және "ForteBank" АҚ жай акциялары болып табылатын бес шығарылымның жаһандық депозитарлық қолхаттары (ЖДҚ) болды.

2024 жылдың қаңтарында сауда-саттық көлемі 199,7 млн теңгені құрап, 2023 жылдың желтоқсанымен салыстырғанда 2,2 есеге немесе 108,4 млн теңгеге өсті. Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 61,2 % – брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне, 1,7 % – өзге заңды тұлғаларға, 37,1 % – жеке тұлғаларға тиесілі. Бейрезиденттердің үлесі 0,3 %-ды құрады.

ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫНЫҢ НАРЫҒЫ

Ағымдағы жылдың қаңтар айында KASE-дегі шетел валюталары нарығындағы сауда-саттыққа KASE-нің 31 мүшесі қатысты.

Қаңтарда шетелдік валюта нарығындағы сауда-саттық көлемі 2023 жылдың желтоқсанымен салыстырғанда 2,5 %-ға немесе 63,9 млрд теңгеге өсіп, 2,6 трлн теңгеге дейін жетті. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 125,9 млрд теңгені, мәмілелердің орташа күндік саны – 634, бір мәміленің орташа көлемі – 198,5 млн теңгені құрады.

Төмендегі кестеде KASE-де саудаланатын валюта жұптарының негізгі сипаттамалары келтірілген (жақшада өткен айға қарағанда көрсеткіштің өзгеруі көрсетілген, бағамның өзгеруі шетел валютасының теңгеге шаққандағы орташа сараланған биржалық бағамының номиналды өзгерісін көрсетеді).

Жұп	Көлемі, млн валюта бірлігі	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %	Мәмілелер саны	Мин. және макс. бағамдар, базалық бірлік үшін баға белгіленетін валюта саны	Айдың аяғындағы бағам (өзг. %)
USD/KZT	3 770,40 (-2,5 %)	64,2 % (-4,3 %)	8 662 (+155)	444,73-457,98	448,17 (-1,4 %)
RUB/KZT	37 449,28 (-62,7 %)	7,2 % (-12,5 %)	3 256 (-1 227)	4,9724-5,1493	5,0164 (-0,9 %)
CNY/KZT	313,57 (+74,8 %)	0,7 % (+0,3 %)	194 (+64)	61,9884-64,0300	62,2700 (-2,6 %)
EUR/KZT	101,14 (-19,7 %)	1,9 % (-0,6 %)	555 (-78)	484,88-500,64	485,05 (-3,8 %)
EUR/USD	204,33 (-43,0 %)	3,8 % (-3,2 %)	454 (+5)	1,0822-1,0975	1,0822 (-2,7 %)
USD/CNY	1 297,64 (× 3,6 есе)	22,2 % (+20,2 %)	201 (+164)	7,2143	7,2143 (+1,4 %)
EUR/CNY	0 (-)	0 % (-)	0 (-)	7,8265	7,8265 (-)

АҚША НАРЫҒЫ

Қаңтарда ақша нарығындағы сауда-саттықтың жиынтық көлемі 31,5 трлн теңгені құрап, желтоқсанның көрсеткішімен салыстырғанда 20,9 %-ға немесе 8,3 трлн теңгеге төмендеді.

19 қаңтарда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты жөніндегі комитеті базалық мөлшерлемені +/- 1,0 п.т. пайыздық дәлізімен 15,25 %-ға дейін төмендетуге шешім қабылдады.

Мәмілелер көлемі арқылы орташа сараланған USD/KZT валюта свопы операциялары және бір жұмыс күніне ашылған МБҚ-мен автоматты репо операциялары бойынша кірістілік мәнін білдіретін MM_Index ақша нарығының композиттік индикаторы бір ай ішінде жылдық 15,19 %-дан 13,71 %-ға дейін 148 б.т. азайды.

РЕПО ОПЕРАЦИЯЛАРЫНЫҢ НАРЫҒЫ

Қаңтарда репо операцияларының жиынтық көлемі 25,3 трлн теңгені құрады, бұл желтоқсанның көлемінен 7,5 трлн теңгеге немесе 22,9 %-ға төмен. Операциялардың орташа күндік көлемі 1,2 трлн теңгені, мәмілелердің орташа күндік саны – 824, бір мәміленің орташа көлемі – 1,5 млрд теңгені құрады.

МБҚ-мен жасалған авторепо операцияларының көлемі 17,3 трлн теңгені немесе репо операцияларының жалпы көлемінің 68,5 %-ын құрады, МеБҚ-мен жасалатын репо – 8,0 трлн теңге немесе 31,5 %, МБҚ-мен жасалатын тікелей репо – 14,8 млн теңге немесе 0,1 %-дан кем, МеБҚ тікелей репо – 3,6 млрд теңге немесе 0,1 %-дан кем болды.

2024 жылдың қаңтар айының қорытындысы бойынша TONIA индикаторы жылдық 16,19 %-дан 14,32 %-ға дейін 187 б.т., TRION индикаторының мәні – жылдық 16,19 %-дан 14,35 %-ға дейін 184 б.т., жеті жұмыс күні мерзіміне репо ашу мәмілелері бойынша орташа сараланған пайыздық мөлшерлемені білдіретін TWINA индикаторының мәні – жылдық 15,50 %-дан 14,39 %-ға дейін 111 б.т. төмендеді

ВАЛЮТАЛЫҚ СВОПТЫҢ ОПЕРАЦИЯЛАРЫ

Қаңтарда валюта свопы операцияларының жиынтық көлемі 6,2 трлн теңгені құрады, бұл желтоқсанның көлемінен 842,7 млрд теңгеге немесе 11,9 %-ға төмен. Операциялардың орташа күндік көлемі 296,5 млрд теңгені, мәмілелердің орташа күндік саны – 46, бір мәміленің орташа көлемі – 6,5 млрд теңгені құрады.

Валюталық своптың құрылымында 6,2 трлн теңге немесе валюталық своптармен операциялар көлемінің 99,9 %-ы USDKZT своптарына тиесілі болды; 5,4 млрд теңге немесе 0,1 %-дан кем – RUBKZT-ке тиесілі.

Валюта-жұбы	Құрал	Көлемі, млрд теңге	Көлемі, млн бірлік валюта	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %
USD/KZT	USDKZT_0_001	1 949,0	4 315,4	31,3 %
	USDKZT_0_002	4 273,1	9 481,2	68,6 %
RUB/KZT	RUBKZT_0_001	0,4	75,0	<0,1 %
	RUBKZT_0_002	5,0	1 000,0	0,1 %

SWAP-1D (USD) бір күндік доллар свопының кірістілігі қаңтардың аяғында жылдық 8,84 % болды, бір айда 76 б.т. азайды. SWAP-2D (USD) екі күндік валюта свопының кірістілігі қаңтарда 290 б.т. жылдық 9,07 %-ға дейін төмендеді.

ДЕРИВАТИВТЕР НАРЫҒЫ

Қазіргі уақытта биржалық нарықтың осы секторында АҚШ долларының теңгеге шаққандағы бағамына, ресей рублінің теңгеге шаққандағы бағамына, "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ жай акцияларына, "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ-ның жай акцияларына және KASE Индексіне жеткізілмейтін фьючерстер қолжетімді.

2024 жылдың қаңтарында деривативтер нарығында мәмілелер жасалған жоқ.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД биржалары арасында екінші орынды және FEAS биржалары акцияларының нарығын капиталдандыру көлемі бойынша бесінші орынды алады.

Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетел валюталары, ақша нарығының операциялары – репо және своп, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда алаңы. KASE Халықаралық биржалар федерациясының (WFE), Еуро-Азия қор биржалары федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Тұрақты даму үшін қор биржалары" бастамасының қатысушысы болып табылады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.